

## Дыбысты машықтандыру кезеңі логопедиялық сабақ жоспары

### Мақсаты:

### Білімділік:

- Дыбыс артикуляциясын бекіту;
- Дыбысты артикуляциялық қалпын дұрыс ұстап тұруын қалыптастыру;

### Түзете - дамытушылық:

- Бұлшық ет тонусын белсендіру;
- Тіл, ерін, тілше (жұтқыншак) қозғалғыштығын дамыту;
- ойлау процесстерін, есте сақтауын дамыту,
- жұмыс барысында қол және артикуляциялық аппарат мүшелерінің тепе – теңдігін,
- дауыстың ырғақтылығы мен күшін дамыту.
- ой-өрісін, ойын арқылы тілін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілетін, тапқырлық, іздемпаздық қабілетін дамыту.

### Тәрбиелік:

- топпен және, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету,
- логопедті мұқият тыңдауға үйрету.

**Құрал – жабдықтар:** тақырыптық суреттер, дыбыстық талдау – жинақтау жасауға арналған жинақтар. Дыбыс қоюға арналған зондтар, арнайы қолғаптар, спирт,

### Сабақ барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме әріптестер, бүгінгі ашық оқу қызметімізге қош келдініздер?!
- Сәлеметсіз бе?

#### II. Мақсатын баяндау:

Логопедиялық массаж - бет бұлшықеттерінің тонусын жақсартуға және сөйлеу аппаратының мәселелерін шешуге бағытталған процедура.

Логомассажды маман алдымен баланы әртүрлі аурулардың бар-жоғын тексеруі керек. Осыдан кейін ғана массаж курсы, оның ұзақтығын және әдістемесін тағайындалады.

#### Массаж түрлері

**Мамандар логопедиялық массажды бірнеше негізгі түрлерге бөледі:**



- Дәстүрлі.
- Аппараттық құрал.
- Зонд.

Логопедиялық массаждың дәстүрлі түрі жеңіл соққылар мен ысқылау арқылы орындалады. Бұлшықеттерді босаңсу үшін маман жеңіл қозғалыстар жасайды, ал белсенді бұлшықет тонусын қалпына келтіру үшін жігерлі және жылдам қозғалыстар қолданылады.

**Аппараттық логопедиялық массаж үшін** сипаттамасы арнайы құрылғыларды, соның ішінде вакуумдық және діріл массажерлерін пайдалану болып табылады.

Зондтық логопедиялық массаж сөйлеу моторикасының проблемаларын жоюға бағытталған. Арнайы зондтардың көмегімен тілге, таңдайға, ерінге массаж жасалады.

Логопедический массаж



### **III. Жаңа сабақ.**

Бүгінгі сабағымыз ерекше болғалы тұр. Қонақтарымызда бар. Бүгін біз «Ертегілер еліне» бірге саяхат жасаймыз. Сен қандай ертегілерді білесің? (Баланың жауабы). Жарайсың!

### **IV. Артикуляциялық гимнастика және тыныс алу жаттығулары:**

#### **1. «Стакандағы дауыл»**

##### **Шарты:**

Су құйылған стаканға коктейль ішуге арналған түтікшені салып бір жағын тілдің ортасына салып, түтікше арқылы стакандағы суды үрлеу. Ұртымызды ауаға толтырмаймыз,ернімізді қозғалтпаймыз.

#### **2. «Жапырақтарды ұшыр»**

##### **Шарты:**

Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару арқылы кішкентай жапырақтарды үрлеп ұшыру.

#### **3. «Түтікше»**

##### **Шарты:**

Мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен дем шығару арқылы түтікшені үрлеу. Алдымен ақырын бастайды да , кейін ауа ағынын күшейтеді.

#### **4. «Жылан»**

##### **Шарты:**

Қағаз қиындысын тіл ұшына жабыстырып үрлеу.

### **V. Дыбысты буындарға, сөздерге, фразаларға, байланыстырып сөйлеуіне енгізу:**

#### **1 - тапсырма: «Әжем айтқан ертегі» ойын**

Бауырсақ ертегісі кейіпкерлерін реттілігі бойынша жабыстырып шығады, тапсырманы орындай отырып ертегіні реті бойынша әңгімелеп береді.

**Әдістемелік нұсқау:** логопед баланың әңгімелеу барысында сөздің дұрыс қолданылуы мен әңгіменің мазмұны мен реттілігін дұрыс айтқанын қадағалайды.

#### **2 - тапсырма: «Жануарларды орналастыр»**

Балаға жануарлар карточкалары шатасқан түрде беріледі, және сол жануарлар суреті белгіленген жәшік беріледі.

**Әдістемелік нұсқау:** логопед баланың жануарларды талдау жинақтау барысында дұрыс атауын және дұрыс орындауын қадағалайды.

#### **3- тапсырма: «Кімнің құйрығы»**

Балаға жануарлар бейнеленген карточка беріледі, бала әр жануардың бөлшегін сәйкестендіру арқылы тапсырманы орындап шығады.

**Әдістемелік нұсқау:** логопед балаға сұрақ қою арқылы жануарлар туралы білімін тексереді. Көріп қабылдау және жартыдан бүтін шығару, ойлау қабілеттерін машықтандырады.

#### **Сабақ қорытындысы:**

Карточка арқылы бағалау,мадақтау.

Ашық оқу қызметі

# «Жануарлар әлемі»

Педагог логопед: Қоқанова А.С

Ақтау қаласы 2022 жыл